Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің "Қазығұрт су шаруашылығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны каналдар, арықтармен суды беру қызметін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106 Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 1-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының арақатынасын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

Бағалы ұсыныстар сұрату тәсілі арқылы өткізілген мемлекеттік сатып алу нәтижесінде жеткізілген тауарлардың сапасы төмен болып, тапсырыс берушінің қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз етпеді.

Осыған байланысты, Заңның 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, мұндай тауарларды бір дереккөзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға негіз бар.

Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, сатып алынатын тауарлардың сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ Заңның 5-бабында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау мақсатында, үш әлеуетті өнім берушіден коммерциялық ұсыныстар алынып, ең төменгі баға ұсынған, жосықсыз өнім берушілер тізілімінде тіркелмеген өнім берушімен мемлекеттік сатып алуды бір дереккөзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру жоспарланып отырғанын хабарлаймын.

ИП " Бекеева А " Қазығұрт ауданы, Қазығұрт елді мекенінде өзін сенімді Орындаушы ретінде көрсете білген.

Директор **Б.Айтбеков**